

**«Батыс Қазақстан облысы әкімдігі жұмыспен қамтуды үйлестіру
және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының «Еңбек
мобильділігі орталығы» КММ**

**Авторы: Сулыкөл ауылдық округі әкімінің аппаратының бас
маманы Мерғалиева Гулдана Төлеуовна**

Күні 15 қазан 2024 ж.

АНАЛИТИКАЛЫҚ ЖАЗБА

**Тақырыбы: Халықтың аз қамтылған топтары: мәселелері,
кедергілері**

Атаулы әлеуметтік көмек бойынша талдамалық жазба

Кілт сөздер: әлеуметтік көмек, аз қамтылған отбасы, кедейшілік шегі.

I. Атаулы әлеуметтік көмек алу құқығы

Аз қамтылған азаматтарды әлеуметтік қолдау жүйесін реформалау шеңберінде **2002 жылдан бастап «Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек туралы» Заң** енгізілді (бұдан әрі – Заң), оның шеңберінде аз қамтылған отбасыларға, отбасының әрбір мүшесіне жан басына шаққандағы орташа табыс пен кедейлік деңгейі арасындағы айырмашылық түрінде атаулы әлеуметтік көмек төленеді.

Қазақстан Үкіметі кедейлік проблемасын шешудің маңыздылығын мойындай отырып, кедейлікті төмендету жөніндегі жалақының, ең төменгі зейнетақының өсуі мен әлеуметтік көмек көрсету негізінде кедейлікті қысқартуды көздеді.

Қазақстан Республикасының Әлеуметтік кодексіне сәйкес атаулы әлеуметтік көмекке жан басына шаққандағы орташа табысы кедейлік шегінен аспайтын азаматтар құқылы.

Отбасының әрбір мүшесіне АӘК мөлшері нақты облыс үшін ең төменгі күнкөріс деңгейінің көрсеткішіне байланысты айқындалады. АӘК тағайындау критерийі кедейлік шегі болып табылады, оның мөлшері ең төменгі күнкөріс деңгейінің 70% тең. Егер әрбір отбасы мүшесінің табысы осы көрсеткіштен төмен болса, айырмашылық АӘК мөлшерін құрайды.

АӘК тәсілін енгізудің негізгі мақсаты аз қамтылған азаматтарға немесе отбасыларға мемлекеттік қолдаудың мынадай түрлерін қамтитын кешенді әлеуметтік көмек көрсету болып табылады:

біріншіден, ақшалай төлем-ай сайынғы;

екіншіден, жұмыспен қамтуға жәрдемдесу шаралары-оқытуға, жастар практикасына, әлеуметтік жұмыс орындарына жіберу. Сондай-ақ, ісін ашуға немесе бар бизнесті кеңейтуге микрокредит алу мүмкіндігі беріледі;

үшіншіден, АӘК алатын отбасылар қатарынан 1 жастан 6 жасқа дейінгі балаларға ай сайын әр балаға 1,5 АЕК мөлшерінде қосымша төлем.

Қазақстан Үкіметі кедейлік проблемасын шешудің маңыздылығын мойындай отырып, кедейлікті төмендету жөніндегі жалақының, ең төменгі зейнетақының өсуі мен әлеуметтік көмек көрсету негізінде кедейлікті қысқартуды көздеді.

1 кесте. АӘК алушылар саны, адам

	2019	2020	2021	2022	2023
Қазақстан Республикасы	2 177 176	936 189	990 539	775 388	598 441
Абай	-	-	-	31 542	24 378
Ақмола	43 607	14 802	13 237	12 883	10 678
Ақтөбе	92 214	33 871	30 607	29 849	22 553
Алматы	274 378	95 531	115 051	61 760	52 629
Атырау	39 856	10 516	8 947	7 102	6 212
Батыс Қазақстан	58 605	25 382	21 546	17 383	11 799
Жамбыл	193 968	69 489	61 411	50 677	42 297
Жетісу	-	-	-	44 396	34 532
Қарағанды	61 644	24 643	19 033	12 830	9 636
Қостанай	49 491	23 278	22 028	21 693	17 108
Қызылорда	154 103	68 480	72 557	69 628	49 317
Маңғыстау	54 045	22 524	23 116	22 415	18 161

Павлодар	44 017	23 441	22 691	22 295	18 066
Солтүстік Қазақстан	24 698	11 418	11 283	9 514	7 181
Түркістан**	624 305	223 419	237 506	204 984	157 746
Ұлытау	-	-	-	3 321	2 446
Шығыс Қазақстан	98 290	54 253	53 097	16 959	12 087
Астана қаласы	41 988	25 372	24 562	21 209	17 631
Алматы қаласы	63 163	30 060	28 046	27 092	21 207
Шымкент қаласы	258 804	179 710	225 821	87 856	64 938

	жалғасы				теңге
	2019	2020	2021	2022	2023
Қазақстан Республикасы	12 188,0	6 602,5	6 736,2	6 712,0	7 968,0
Абай	-	-	-	8 054,0	8 712,0
Ақмола	11 525,0	6 099,9	7 018,1	7 233,0	8 390,0
Ақтөбе	11 999,0	5 994,2	5 959,6	6 112,0	6 980,0
Алматы	12 152,0	8 266,0	7 738,9	7 473,0	8 835,0
Атырау	11 067,0	6 757,7	6 232,9	6 038,0	7 257,0
Батыс Қазақстан	11 582,0	6 451,6	6 075,9	5 997,0	6 312,0
Жамбыл	12 613,0	6 041,7	5 721,3	6 699,0	8 052,0
Жетісу	-	-	-	8 247,0	9 422,0
Қарағанды	12 349,0	6 713,3	6 596,6	6 116,0	7 376,0
Қостанай	10 873,0	6 682,9	7 733,8	7 499,0	7 998,0
Қызылорда	13 756,0	6 870,2	7 039,8	6 852,0	7 819,0
Маңғыстау	12 583,0	7 716,5	7 292,0	7 644,0	10 858,0
Павлодар	11 483,0	6 848,4	7 898,0	8 110,0	9 378,0
Солтүстік Қазақстан	10 916,0	6 490,9	6 543,0	6 722,0	7 798,0
Түркістан**	11 714,0	5 567,0	5 112,4	5 628,0	6 410,0
Ұлытау	-	-	-	6 882,0	8 104,0
Шығыс Қазақстан	11 929,0	7 952,5	8 423,2	8 078,0	9 256,0
Астана қаласы	12 830,0	9 009,6	8 447,9	8 495,0	10 652,0
Алматы қаласы	12 535,0	9 370,0	8 138,6	7 618,0	8 831,0
Шымкент қаласы	12 968,0	9 015,1	7 276,9	5 921,0	8 078,0

Деректер: www.stat.gov.kz

II. Атаулы әлеуметтік көмекке қол жеткізудегі кедергілер

Қазақстанда кедейлік деңгейін ресми бағалау үшін ең төменгі қажеттіліктерді (азық-түлік, тауарлар мен қызметтер) салыстыруға негізделген абсолютті кедейлік тұжырымдамасы қабылданды.

АӘК мұқтаждықты бағалау процесіне байланысты бірқатар кемшіліктерге ие, оның ішінде мемлекеттік органдар мен басқа ұйымдардың ақпараттық жүйелерінің жеткіліксіз интеграциясына, сондай-ақ әлеуметтік көмек алуға кедергі келтіретін кедергілеріне байланысты азаматтардың кірістері туралы толық ақпараттың болмауы бөлігінде. Сондай-ақ, учаскелік комиссиялардың қызметін ұйымдастыруда еңбекақының жоқтығына, жоғары жүктемеге және негізгі жұмыспен біріктіруге байланысты кемшіліктер бар, бұл бағалау сапасына әсер етеді.

Сонымен қатар, бүгінде еңбекке қабілетті АӘК алушылардың жартысынан көбі жұмыс істейді. Сонымен қатар, АӘК алушылардың осы санатын кедейліктен шығару үшін тиімді шараларды қамтымайды.

Атаулы әлеуметтік көмек шаралары туралы және жәрдемақыны тағайындау ережелерінің құқықтылық шарттары туралы жеткілікті хабардар ету. Оған дәлел жалпы әлеуметтік көмек туралы білетін және өздерін соны алуға құқылы деп санайтын сауалнама респонденттерінің 67% АӘК алуға өтініш берген. Олардың үштен екісі көмек туралы ешбір ақпарат болмағанын айтты.

Тағайындаудың шектеуші ережелері тұрмысы төмен отбасылардың әлеуметтік көмек бағдарламаларына қатыса алмауына әкеп соқтырады. Зерттеу қорытындылары мұқтаждық өлшемдерін жоғарылатудың және ықтимал өтініш берушілердің материалдық жағдайын анықтаудың тәсілдерін қайта қарастырудың қажеттілігі.

Құжаттарды жинаудағы қиындық, табысы төмен отбасыларға аталған көмек түрлеріне қол жеткізуіне ерекше көңіл бөлу. Құжаттарға келетін болсақ, өтініш берушілер тапсыруға қиналған негізгі құжаттар алимент туралы анықтама, неке қию, ажырасу туралы анықтамалар алу.

III. Атаулы әлеуметтік көмектің тиімділігін арттыру

Осы басымдық шеңберіндегі жұмыс атаулы әлеуметтік көмектің тиімділігін арттыруға бағытталатын болады. Негізгі міндеттер мұқтаждықты бағалау және әкімшілендіру тетіктерін жетілдіруді қамтиды.

АӘК әкімшілендіру шарттары мен тетіктерін қайта қарау. Әлеуметтік Кодекске сәйкес 2025 жылғы 1 қаңтардан бастап АӘК тағайындау үшін кедейлік шегі орташа табыс негізінде қаралса, бұл тәсіл елдегі кедейлікті неғұрлым объективті бағалауды қамтамасыз етеді және азаматтардың кедейліктен шығу мүмкіндіктерін кеңейтеді.

Сонымен қатар, отбасылардың атаулы көмекке мұқтаждығын бағалау, оны алудағы кедергілерді азайту жөніндегі тәсілдерді жетілдіру. Азаматтардың материалдық жағдайы туралы толық мәлімет алу үшін әртүрлі мемлекеттік органдар мен басқа да ұйымдардың ақпараттық

жүйелерін жинақтау. Мысалға АӘК аламыз деп өзіне тиесілі малдарын өзгенің атына жаздырғандар кездеседі. АӘК алатын отбасыларға тағайындалған ақшаларын барынша тиімді пайдаланса,оны белгілі бір кезеңімен учаскелік комиссия тексеріп тұрса. Сондай-ақ, учаскелік комиссиялардың қызметі олардың тиімді жұмыс істеуі үшін қажетті жағдайларды қамтамасыз етсе.

Аталған жағдайлар шешімін табар болса, халықтың аз қамтылған топтарының мәселелерін шешуге және шешу жолында кедергілердің болмауына мүмкіндік артар еді.

